

Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қызылорда қаласының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бөлім басшысы Г.Абдазиеваға

АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай- бақшасы» КМҚК 2025 жылдың 10 айы қорытындысымен жасалынған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8- бабы 5- тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес бөбекжай- бақшаның 2025 жылдың 10 айдың қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай- бақшасы» КМҚК бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды бөбекжай- бақшаның 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 16 -нқ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмысшы тобы жүргізді.

1. Г.Е.Балжанова - комплаенс офицері, бөбекжай- бақша әдіскері;
2. Ж.Р.Кожаметова - есепші;
3. Ж.Байтабынова - кәсіподақ төрайымы, тәрбиеші;
4. Н.Сапарбекова – емдәмбике;
5. Г.Надинова – медбике;
6. Қ.Пірімжар – іс жүргізуші;
7. Г.С.Абилдаева - меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

2. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді.

- 1) Бөбекжай -бақшаның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Бөбекжай -бақшаның ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талданатын объект туралы мәліметтер:

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай – бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын функцияларын жүзеге асыру үшін кәсіпорын

ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорын – мектеп жасына дейінгі екі жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған қызметті жүзеге асыратын бөбекжай - бақша түріндегі мектепке дейінгі ұйым болып табылады.

2. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының әкімдігі атынан мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.

3. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті органы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, сондай-ақ кәсіпорын мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 120020, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Жакыпбек Махамбетов көшесі, құрылыс 195.

6. Бөбекжай-бақшаның қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

Бөбекжай бақша қызметіне келесідей НҚА пайдаланылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

- Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V220_0029329
- Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
- Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>
- Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
- Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
- Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
- Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>
- Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>
- Педагогикалық әдеп қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>
- Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2023 жылғы «01» қаңтардағы №01-17-38 бұйрығымен бекітілген «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Жарғысы.

Жоғарыда тізбектелген нормативтік құқықтық актілерді зерделеу барысында бөбекжай-бақшаның қызметін қозғайтын НҚА-лерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталмады.

1. Персоналды басқару бағыты бойынша:

2025 жылы

Бөбекжай-бақшаның құрылымы 51 штаттық бірлікті құрайды, оның ішінде педагогикалық персонал 22,5, техперсонал 28,5 штаттық бірлік. Барлығы – 50 қызметкер. Оның ішінде педагог қызметкерлер – 22,5 (бала күтімінде – 8), техникалық қызметкер – 28,5 (бала күтімінде – 4). Басшы-менеджер-0, педагог шебер -0, педагог-зерттеуші -1, педагог сарапшы -5, педагог-модератор-12, педагог-2. Жоғары білімді -20, арнаулы орта білімді -0.

2025 жылы қабылданған қызметкерлер:

«Еңбек.kz» арқылы 4 қызметкер қабылданды.

Бөбекжай -бақша меңгерушісі А.Е.Усерова 2025 жылдың 4 сәуір айында №26 -жқ бұйрығымен Г.Үсенбаева «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай -бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына аула сыпырушы болып жұмысқа қабылдады.

Бөбекжай -бақша меңгерушісі А.Е.Усерова 2025 жылдың 2 мамыр айында №35 -жқ бұйрығымен Ә.Дәрібаевты «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай -бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына ғимаратқа кешенді қызмет көрсетуші болып жұмысқа қабылдады.

Бөбекжай -бақша меңгерушісі А.Е.Усерова 2025 жылдың 9 қазан айында №107 -жқ бұйрығымен Е.Абилдаев пен С.Қожахметовті «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай -бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына маусымдық от жағушы болып жұмысқа қабылдады.

2025 жылдың 10 айы бойынша жұмыстан шыққан қызметкерлер:

Бөбекжай - бақшада 2025 жылдың 10 айы бойынша жұмыстан шыққан қызметкерлер саны: 3.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі А.Е.Усерованың 2025 жылғы 11 сәуір айында №29 -жқ бұйрығымен уақытша тәрбиеші А.Әбжәми «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай- бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан өз өтініші негізінде қызметінен босатылды.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі А.Е.Усерова 2025 жылғы 22 шілде айында №77 -жқ бұйрығымен ғимаратқа кешенді қызмет көрсетуші Ә.Дәрібаев «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыннан өз өтініші негізінде қызметінен босатылды.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі А.Е.Усерова 2025 жылғы 10 қыркүйек айында №102 -жқ бұйрығымен аула сыпырушы Г.Үсенбаева «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыннан өз өтініші негізінде қызметінен босатылды.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Қазіргі таңда, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, бөбекжай-бақша қызметкерлері қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2025 жылдың 10 айында бөбекжай-бақшада сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысы орын алмаған. Кадрлық қамтамасыз ету қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін фактілер орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша.

ҚОББ ҚҚББ «Нұр орда» бөбекжай бақша КМҚК тікелей 1 мемлекеттік қызмет көрсетілуде. Ата-аналар «Balabaksha Smart Nation» бағдарламасы арқылы балаларын бөбекжай бақшаға кезекке қояды және «Qazna Face» бағдарламасы бойынша Қалалық білім бөлімінің электронды жолдамалары негізінде қабылданады. 2025 жылдың 10 айында электронды түрде 58 жолдама тіркелген, оның ішінде 58 бала қабылданған. 2025 жылдың 10 айында 45 бала балабақшадан шықты: 25 бала мектепалды топты бітіріп мектепке 1-ші сыныпқа қабылданды, 20 бала ата-аналар тарапынан әр түрлі жағдайларға байланысты балабақшадан шығарылды. Сонымен қатар, бөбекжай-бақшасында барлығы 165 бала бар. Кіші топтарда (2 жастан бастап) 1 топ – 20 бала, ортаңғы топтарда (3жастан бастап) 2 топ – 50 бала, ересек (4жастан бастап) 2 топ – 50 бала, мектепалды топтарда (5 жастан бастап) 2 топ – 45 бала тәрбиеленуде. Ал, есепті кезеңде бөбекжай -бақшамен көрсетілген мемлекеттік қызметтің кезінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері бұзылу жағдайы орын алмаған. Мемлекеттік қызметті алушылармен арыз-шағымдар келтірілмеген.

Сондай-ақ, бөбекжай-бақшамен көрсетілген мемлекеттік қызметтер кезінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілері орын алмаған.

Көрсетілген қызметтерге сәйкес, жеке және заңды тұлғалардан арыз немесе өтініштер түспеген. Осы ретте, қызмет көрсету барысында құжаттарға және ақпараттық жүйелерде қызмет көрсету бойынша кемшіліктер жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар анықталмаған.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Бөбекжай-бақшаға бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

«Нұр орда» бөбекжай - бақшасы бойынша 2025 жылдың 10 айында жалпы қаралған бюджет 133454,6 мың теңге.

2025 жылдың 10 айының қортындысымен 133454,6 мың теңге игерілді.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

Бөбекжай-бақшаның қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты: Бөбекжай - бақшаның жеке қабылдау кестесі Қызылорда қаласы, «Тасбөгет кенті, Жақыпбек Махамбетова көшесі, құрылыс 195 мекен жайында орналасқан ғимаратының 1 қабатында көпшілікке көрінетін жерге ілініп, арыз-шағымдарға арналған жәшігі орналасқан.

2025 жылдың 10 айында бөбекжай-бақшаға жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

«Balabaksha Smart Nation» бағдарламасы арқылы балаларын бөбекжай - бақшаға кезекке қояды және «Qazna Face» бағдарламасы бойынша Қалалық білім бөлімінің электронды жолдамалары негізінде қабылданады.

<https://portal.qazna24.kz/> бағдарламасы арқылы есепшінің барлық қызметтері жүргізіледі;

<https://nabd.edu.kz/> – Ұлттық білім беру деректер қоры ақпараттық жүйесінде балалар мен қызметкерлердің дербес деректері жүктелген. Бөбекжай-бақша туралы толық мәлімет қамтылған. (балалар, қызметкерлер мәліметі, ғимарат туралы мәлімет, оқыту-тәрбиелеу процесі туралы мәлімет, материалдық база туралы мәлімет);

<enbek.kz> электрондық еңбек биржасы бірыңғай цифрлық алаңы арқылы бос орындарға вакансия жарияланып, қызметкерлер жұмысқа қабылданған;

<egov.kz> мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат жүйесі арқылы қызметкерлер электронды қолтаңба және түрлі анықтамалар алуға пайдаланады;

<eotinish.gov.kz> ақпараттық жүйесі арқылы - Мемлекеттік органдарға өтініш беру жұмыстары жүргізіледі;

<es.iac.kz> - автоматтандырылған қызметтер көрсетіледі.

Бөбекжай-бақшада Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

9) Бөбекжай- бақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

2025 жылдың 10 айында Мемлекеттік сатып алу бойынша: бөбекжай-бақша барлығы 37 лот (11 439,00 теңгеге) келісім-шартқа отырды.

Бөбекжай-бақшада мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына және атқаратын лауазымдарына сәйкес келеді.

Педагогтар бекітілген кестеге сәйкес біліктілік арттыру курстарынан өтуде. 2025 жылдың 10 айында тоқсанында 1 педагог біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

2025 жылдың 10 айында еңбек тәртібін бұзған, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың жұмысқа қабылдану фактісі болған жоқ.

Қорытынды.

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нұр орда» бөбекжай бақшасы» КМҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Талдау қорытындысымен ұсынамыз:

- 1) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауды жалғастыру;
- 2) Мемлекеттік сатып алуларды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асыру барысында қатаң сақтауды;
- 3) Тұрақты түрде құқықтық оқытуларға қатысуды ұйымдастыру;
- 4) Білім беру ұйымдарына қызметіне ішкі талдау жұмыстарын жылына кемінде 1 рет жүргізіп, нәтижесі қалалық білім бөліміне жолдануы тиіс.

Бөбекжай- бақшаның нормативтік құқықтық актілеріне мониторинг жүргізілді, нәтижесінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін немесе күшін жоюға жататын актілер және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын НҚА анықталған жоқ.

**ҚОББ ҚҚББ «Нұр орда» бөбекжай- бақшасы
КМҚК меңгерушінің м.а**



Г.А.Шегенбаева

1. Г.Е.Балжанова
2. Ж.Р.Кожаметова
3. Ж.Байтабынова
4. Н.Сапарбекова
5. Г.Надирова
6. Қ.Пірімжар
7. Г.С.Абилдаева

Балжанова
Кожаметова
Байтабынова
Надирова
Пірімжар
Абилдаева